

**"Ауылдық округіндегі жаңа көшеге Мәулен Сырымбаевтың атын беру туралы" 2009 жылғы 12 қаңтардағы N 59 санды шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігі Жиделіарық ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі аудандық әділет басқармасында 2011 жылы 25 қаңтарда N 10-9-191 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 8-бабының 3-тармағына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Жиделіарық ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 12 қаңтардағы "Ауылдық округіндегі жаңа көшеге Мәулен Сырымбаевтың атын беру туралы" N 59 санды шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2009 жылғы 11 ақпанындағы N 10-9-77 болып тіркелген, аудандық "Өскен өңір" газетінің 2009 жылғы 21 ақпандағы N 18-19 /7634-35/ шығарылымында жарияланған) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н .

2-тармағындағы 13.04.2006 жылдан бастап пайда болған қарым қатынастарға тарайды деген сөздер алынып тасталынсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау өзіме қалдырылсын.

3. Шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

*Жиделіарық ауылдық округінің әкімі*

*А. Мұсабаев*